

«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасының кезектен тыс өткізілген
педкеңес хаттамасы №3

Қатысқан 5 педагог

02.05.2026 жыл

Күн тәртібінде

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Куршенова сөз айтып өтті. Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 10.11.2022 жылғы №290-нқ және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде балабақша өзін-өзі бағалауды өткізгені туралы есеп берілді.

1. Куршенова Гулмира-балабақша меңгерушісі, әдіскері, комиссия төрағасы;
2. Суйеуова Кундуз-балабақша хатшысы, комиссия мүшесі;
3. Іңірбайқызы Айжамал-тәрбиеші, комиссия мүшесі;
4. Торебаева Галия-тәрбиеші, комиссия мүшесі;

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына қосымша әдістемелік ұсынымының 1,2,3,4,5-қосымшалары негізінде 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарын қамти отырып жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Өзін-өзі бағалау қорытындысының есебімен комиссия мүшесі Г.Куршенова таныстырып өтті.

Атап айтқанда, комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес, білім беру ұйымының жұмыстарына мониторинг жүргізді. Сонымен қатар, балабақша туралы мәліметтер, құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, лицензия хабарлама қаралды. Бағалау өлшемшарттарының қосымшаларына сәйкес сандық, сапалық көрсеткіштердің есебі толтырылғандығы айтылды.

Қаулы:

1. Өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының 4-қосымшасына сәйкес, 34 балл «жақсы» деп танылсын.
2. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша тиісті құжаттар Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне мерзімінде жеткізілсін.

Меңгеруші

Г. Куршенова



Г. Куршенова